**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Болашақ» мектепке дейінгі ұйымы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**
(білім беру ұйымының атауы)

**Ақтөбе қаласы** «23» маусым 2022 жыл,
(қорытынды жасалған жер) 17 сағат 00 минут

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес ҚР «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» бұйрығын (бұдан әрі - Бағалау критерийлері) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2022 жылғы І жарты жылға бекітілген мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2022 жылғы 1-4 ақпан аралығында «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Болашақ» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына мемлекеттік аттестаттау жүргізілді. Нәтижесінде бұзушылықтар анықталып 09.02.2022 жылғы №26 н/қ бұйрықпен кемшіліктерді жою туралы қорытынды берілген. 2022 жылғы 1-4 ақпан аралығында «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Болашақ» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша берілген қорытындыдағы бұзушылықтарды жою туралы 09.02.2022 жылғы №4 хатпен ұсынған есебі келесі құрамдағы комиссиясымен қаралды:

1. Куртеков Ербол Ерболатович – Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің бас маманы;
2. Ешниязова Мейрамгул Улыкпановна – Ақтөбе қаласы, №26 «Үміт» бөбекжай-балабақшасы МКҚК әдіскері;
3. Жантурсина Гаухар Сабыровна – Ақтөбе қаласы, №25 «Ерке» бөбекжай-балабақшасы МКҚК әдіскері;
4. Молдабекова Гульназ Танатаровна - Ақтөбе қаласы, №48 "Шаттық" балабақша МКҚК МКҚК әдіскері;
5. Байсейтова Қазиза Жултаевна - «Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы» МКҚК әдіскері, комиссия мүшесі.

Комиссиямен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

| | |
|---|---|
| **2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:** | |
| 1) | **Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ) сәйкестігі.**<br>**Талдау нәтижелері:** Алғашқы аттестация тексеріс кезінде 2020-2021 оқу жоспары аудандық білім бөлімімен бекітілмеген болатын, «Болашақ» мектепке дейінгі ұйымы оқу жұмыс жоспарлары аудандық білім бөлімінің басшысымен келісілген, мектепке дейінгі ұйым меңгерушісі Н.Н.Житенова тарапынан бекітілген. 2020-2021 оқу жылдарында оқу жоспарын құруда оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (өзгеріс:12.05.2020 №195 бұйрықтары) бойынша талапқа сәйкес құрылған, кемшіліктер анықталмады. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ: Кемшілік жойылған.** «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 ж. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» №557 бұйрығымен бекітілген қосымшасы талабына (*12.05.2020 ж. №195 бұйрығымен өгерістер мен толықтырулар енгізілген*) сәйкес келеді. |
| 2) | **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:**<br>**оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;**<br>**қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;**<br>**тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;**<br>**мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;**<br>**мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;** |

| | |
|---|---|
| | **тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;**<br>**креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;**<br>**"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша**<br>**Талдау нәтижелері:** Аталған кемшіліктер бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмыс жоспары және материалдары ұсынылмағандықтан сараптау мүмкін болмаған, алайда қайта мемлекеттік аттестаттау кезеңінде 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылындағы «Болашақ» мектепке дейінгі ұйымының жылдық "Рухани жаңғыру" бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылып бекітілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 №182 бұйрығымен өзгерістер болған «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-қосымша, 2-тарауының 5-тармағы, 7-тармақшасы талабына, жас ерекшеліктеріне байланысты топтарға бөлініп күн тәртібі кестесі ұсынылған, балабақша меңгерушісі тарапынан бекітілген. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындау талапқа сай қарастырылған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында педагогтар перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырып, 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбиешілердің жұмыс циклограммасы бекітіліп, кемшіліктер жойылған. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ**: **Кемшілік жойылған.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен өзгерістер болған) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-қосымша, 2 - тарауының 5-тармағы, 8)-тармақшасы талабына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығының 1-қосымшасының 1 – тарауының 4 тармағы, 7 тармақшасы талаптарына сәйкес келеді. |
| **Оқу мерзіміне қойылатын талаптар** | |

| | |
|---|---|
| 12.1) | ***Жас кезеңін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау*** (*осы Өлшемшарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі*).<br>**Талдау нәтижелері:** 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылындағы барлық топтар жас ерекшеліктері бойынша топтастырылған. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері сақталған.<br>Ағымдағы оқу жылында ұлттық деректер қорындағы тәрбиеленушілер мен бекітіліп ұсынылған тізім сәйкес жүргізілген. |
| | **Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №604 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» бұйрығына 1-қосымшаның 5-тарауының 22-тармағына сәйкес келмейді, өйткені тәрбиеленушілер тізімі өлшемшарттың 9 қосымшасына сәйкес (тәрбиеленушінің тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, айы, жылы, топтың атауы, жас кезеңдері, жас топтары) ұсынылмағандықтан, жас кезеңін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтаудың талапқа *сәйкес келеді.* |
| 12.2) | **Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.**<br>**Талдау нәтижелері:** Алғашқы аттестаттау кезеңінде білім беру ұйымына балаларды қабылдау бойынша балалардың қозғалысы кітабы жүргізілгендігі туралы, тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару туралы өткен төрт оқу жылына бұйрықтарының көшірме материалдары ұсынылмауына байланысты тәрбиеленушінің 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды ұсынылмаған.<br>Қайта зерделеу барысында ағымдағы 2021-2022 оқу жылына тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару бұйрық көшірмелері зерделеуге ұсынылып, жүргізілген. Аталған кемшіліктер жойылған. |
| | **Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2 018 жылғы № 604 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» бұйрығына 1-қосымшаның 5-тарауының 22-тармағына сәйкес келеді. |

**ҚАЙТА ҚОРЫТЫНДЫ:** «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Болашақ» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында бұзушылықтар жойылған, білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына СӘЙКЕС КЕЛЕДІ.

**Мемлекеттік аттестаттау нәтижесі:**

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптары бойынша бұзушылықтың жойылғандығына орай комиссиясының 2022 жылғы 23 маусымдағы хаттамалық шешіміне сәйкес мемлекеттік аттестаттаудың қайта қорытындысы негізінде «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би

ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Болашақ» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны «Аттестатталды».

«23» маусым 2022 жылғы комиссияның №109 хаттамалық шешімі

**Комиссия төрағасы** ____________ Куртеков Е.Е______
*(қолы) (аты-жөні, бар болған жағдайда*

**комиссия мүшелері** ______________Ешниязова М.Ұ
*(қолы) (аты-жөні, бар болған жағдайда)*

____________ Молдабекова Г.Т
*(қолы) (аты-жөні, бар болған жағдайда)*

______________ Жантурсина Г.С
*(қолы) (аты-жөні, бар болған жағдайда)*

____________Байсейтова Қ.Ж.
*(қолы) (аты-жөні, бар болған жағдайда)*